



Scientific article
IRSTI 21.15.69



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-206-222>

ANALYSIS OF THE WORLDVIEW AND WORSHIP SYSTEM OF THE YAZIDI

^a Sayan SHYLMAMBETOV , ^b Bauyrzhan BOTAKARAYEV  

^a A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

^b National Historical and Cultural Museum-Reserve “Azret Sultan” Yassawi Research Center, Turkestan, Kazakhstan

 bake.kaz.tr@gmail.com

Abstract. Yazidism represents a syncretic religious phenomenon that developed under the influence of ancient Mesopotamian and Iranian traditions. The key feature of this worldview lies in the harmonious integration of elements from various major religions and local traditions, forming a distinctive mosaic structure, which resulted in the emergence of an independent philosophical and ritual system. The Yazidi community is characterized by relative exclusivity, while at the same time being influenced by diverse cultural and religious traditions, forming as a group closely associated with the ethnic Kurdish dialectal space. This study is aimed at a comprehensive analysis of the history of the formation of the Yazidis, their beliefs, and their system of worship. In the course of the research, the origin of the term “Yazidi,” the historical stages of the community’s formation, and the religious and spiritual influence of Sheikh Adi were examined. Furthermore, the structure and evolution of Yazidi beliefs and cultic practices, their symbolic and philosophical meanings, as well as the influence of other religions and faiths, were analyzed.

The conclusions of the study allow for a comprehensive understanding of the philosophical, symbolic, ritual, and social aspects of the Yazidi worldview and provide a systematic comprehension of its religious-cognitive structure. The analysis of Yazidi beliefs and worship practices demonstrates their significance in the spiritual and social life of the community, their role in strengthening collective identity, and the ethical and philosophical principles aimed at understanding and organizing the world. The study’s content enables a scientific assessment of the complex symbolic structure of the Yazidi tradition, its ritual practices, and its syncretic philosophical system.

Keywords: Yazidism; syncretism; Peacock Angel (Tawûs Malak); sacred texts; mythological concepts.

For citation:

Shylmambetov, S., Botakarayev, B. (2026). Analysis of the worldview and worship system of the Yazidi. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 206-222. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-206-222>.

ЯЗИДИЛІК ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ҒИБАДАТ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАЛДАНУЫ**^aСаян ШЫЛМАМБЕТОВ, ^bБауыржан БОТАҚАРАЕВ**^a *А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан*^b *«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан, Қазақстан***АНАЛИЗ МИРОВОЗЗРЕНИЯ И СИСТЕМЫ ПОКЛОНЕНИЯ ЕЗИДИТОВ****^aСаян ШЫЛМАМБЕТОВ, ^bБауыржан БОТАҚАРАЕВ**^a *Международный казахско-турецкий университет имени А.Ясауи, Туркестан, Казахстан*^b *Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан»
Научный центр Яссавиведения, Туркестан, Казахстан*

Аңдатпа. Язидилік көне Месопотамиялық және Ирандық дәстүрлердің ықпалымен қалыптасқан, синкреттік сипатқа ие діни феномен болып табылады. Бұл дүниетанымның негізгі ерекшелігі – көптеген ірі діндер мен жергілікті дәстүрлердің элементтерінің мозаикасы іспетті үйлесімде бірігуінде, нәтижесінде өзіндік философиялық және ритуалды жүйесін қалыптастырған. Язидилер қауымы өзгелерге жабық болып, әртүрлі мәдени және діни ықпалдарға ұшыраған, этникалық күрд диалектісіне жақын топ ретінде сипатталады. Бұл зерттеу язидилердің қалыптасу тарихын, наным-сенім жүйесін және ғибадат практикаларын кешенді түрде талдауға бағытталған. Зерттеу үдерісінде «Язиди» атауының этимологиясы, қауымның тарихи қалыптасуы кезеңдері, сондай-ақ Шейх Ади тұлғасының діни-рухани ықпалы ғылыми тұрғыдан қарастырылды. Сонымен бірге, язидилік наным-сенімдер мен ғибадат жүйесінің құрылымы мен дамуы, олардың символикалық әрі философиялық мазмұны, сондай-ақ өзге діни дәстүрлермен өзара ықпалдастығы жан-жақты талданды.

Мақаланың қорытынды нәтижелері язидилік діннің философиялық, символикалық, ритуалдық және әлеуметтік қырларын кешенді түрде ашып, оның діни-танымдық құрылымын жүйелі ұғынуға мүмкіндік береді. Язидилік нанымдар мен ғибадат тәжірибелерін талдау олардың қауымның рухани және әлеуметтік өміріндегі маңызын, ұжымдық бірлікті нығайтудағы қызметін, сондай-ақ әлемді тану мен ұйымдастыруға негізделген этикалық және

Аннотация. Езидизм – это синкретическое религиозное явление, сформировавшееся под влиянием древних месопотамских и иранских традиций. Главной особенностью этого мировоззрения является гармоничное сочетание элементов многих основных религий и местных традиций, в результате чего сформировалась собственная философская и ритуальная система. Езидская община характеризуется как замкнутая группа, подверженная влиянию различных культурных и религиозных факторов, близкая к этническому курдскому диалекту. Данное исследование направлено на всесторонний анализ истории формирования езидов, их системы верований и религиозных практик. В процессе исследования научно изучена этимология названия «езиды», этапы исторического формирования общины, а также религиозно-духовное влияние личности шейха Ади. Одновременно всесторонне проанализированы структура и развитие езидских верований и системы богослужения, их символическое и философское содержание, а также их взаимодействие с другими религиозными традициями.

Итоговые результаты статьи всесторонне раскрывают философские, символические, ритуальные и социальные аспекты езидской религии и позволяют систематически понять её религиозно-познавательную структуру. Анализ езидских верований и культовых практик выявляет их значение в духовной и социальной жизни общины, их функцию в укреплении коллективного единства, а также их эти-

философиялық ұстанымдарын айқындайды. Зерттеу мазмұны язидилік ағымының күрделі символикалық жүйесін, ритуалдық практикаларын және синкреттік философиялық құрылымын ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Язидилік; синкреттік; таус періштесі (Таус-Малак); қасиетті мәтіндер; мифологиялық түсініктер.

ческие и философские принципы, основанные на познании и организации мира. Содержание исследования позволяет провести научную оценку сложной символической системы, ритуальных практик и синкретической философской структуры езидского движения.

Ключевые слова: езидство; синкретизм; Ангел-Павлин (Таус-Малак); священные тексты; мифологические представления.

Дәйек сөз үшін:

Шылмамбетов, С., Ботақараев, Б. (2026). Язидилік дүниетанымы мен ғибадат жүйесінің талдануы. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 206-222. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-206-222>.

Кіріспе

Язидилік ағымы қазіргі Түркия, Ирак және Иран аумақтарында таралған синкреттік нанымдар жүйесі ретінде қарастырылады. Язидилер деп аталатын бұл діни қауым этникалық күрд тілі мен диалектісін қолданатын, өзгеге жабық сипаттағы топ болып табылады және әртүрлі діндер мен мәдени дәстүрлердің ықпалын сезінген. (Тағҗип, 2013: 526). Періште Таусқа сенімдері үшін олар дәстүрлі түрде «шайтанға табынушылар» деп айыпталып, дискриминацияға ұшырап, кей жағдайларда қоныс аударуға мәжбүр болған. Сондықтан, қазіргі таңда язидилер Германия, Швейцария, Бельгия, Франция секілді елдерде ірі диаспораларды құрайды. Ирактағы язидилер негізінен Шейхан, Синджар, Башиқ және Духок аймақтарында шоғырланған, ал Түркия аумағында олардың саны мыңнан аспайтын болып, көбінесе Батман, Диярбакыр, Ғазиантеп, Мардин және Шанлыурфа аймақтарында шоғырланған (Забияко, Красникова & Элбакян, 2006).

Язидилердің қалыптасу тарихы мен эволюциясына қатысты көптеген зерттеушілер ғылыми еңбектер жазғанымен, ортақ мәміле әлі де қалыптаспаған. Бұл, негізінен, олардың жабық өмір сүруі және діни ағымның «құпия» деп сипаттауының нәтижесі болып есептеледі. Сондықтан зерттеуде кең таралған ортақ пікірлер негізге алынды, себебі риуаяттардың әртүрлілігі басым болып табылады. Язидилікті өзгелерден айрықшалайтын негізгі ерекшелік – олардың наным-сенім жүйесінің ірі діндер мен дәстүрлердің «мозаикасы» іспетті құрылымы болып саналады. Географиялық және мәдени ықпалдар арқылы олар көптеген діни элементтерді сіңіріп, өзіндік ерекшелігін қалыптастырған.

Осы зерттеудің мақсаты – язидилердің наным-сенімдері мен ғибадат жүйесін жан-жақты қарастыру, олардың діни философиялық негіздерін, ритуалды практикаларын және әлемді тану тәсілдерін талдау. Зерттеу барысында алдымен «Язиди» атауы мен олардың шығу тегі қарастырылады, одан кейін Шейх Ади өмірі мен оның діни-рухани ықпалы зерттеледі. Сонымен қатар, язидилердің наным-сенімдері мен ғибадат жүйелерінің өзгерісі, сондай-ақ басқа діндер мен сенімдердің ықпалы талданып, зерттеу қорытындыланады.

Материалдар мен әдістер

Язидилік көне месопотамиялық және ирандық дәстүрлердің ықпалымен қалыптасқан, өзіне тән наным-сенімдер мен ғибадат жүйесі бар синкреттік діни феномен. Бұл ағымның ерекшелігі – көптеген ірі діндер мен жергілікті дәстүрлердің мозаикасы іспетті үйлесімде бірігуінде. Язидилердің періште Таусқа қатысты сенімдері, ритуалды практикалары және этикалық қағидалары олардың әлемді қабылдау үлгілері мен әлеуметтік өмірді ұйымдастыру тетіктеріне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, язидилік қауымның тарихи тұрғыдан жабық сипатта болуы және діни сенімдерін «құпия» ретінде сақтау үрдісі зерттеушілер үшін елеулі әдіснамалық қиындықтар туындатады. Аталған факторлар дінтанулық зерттеулердің ғылыми өзектілігін арттырады, өйткені язидилік наным-сенімдер мен ғибадат жүйесін талдау олардың діни философиясын, мәдени болмысын және әлеуметтік құрылымын кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – язидилік ағымның наным-сенімдері мен ғибадат жүйесін діни-танымдық тұрғыдан жан-жақты талдау, оның философиялық негіздерін, ритуалды тәжірибелерін және әлемді ұғыну тәсілдерін айқындау. Мақсатымызға қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер жүзеге асырылады:

1. «Язиди» атауының шығу тегін және язидилер қауымының тарихи қалыптасу үдерісін қарастыру.

2. Язидилер қауымындағы жетекші діни тұлға саналатын шейх Ади өмірі мен оның рухани ықпалын зерттеу.

3. Язидилік наным-сенімдер мен ғибадат жүйесіне өзге діндер мен сенімдердің ықпалын талдау.

4. Язидилік діннің символикалық, философиялық және әлеуметтік қырларын ғылыми тұрғыдан жинақтап қорытындылау. Бұл зерттеу язидилік ағымның наным-сенімдері мен ғибадат жүйесін діни-танымдық аспектіде кешенді түрде талдауға бағытталған. Әдіснамалық негіз ретінде тарихи, салыстырмалы және дінтанымдық талдау біріктіріліп, синкреттік құрылымды, ритуалды тәжірибелер мен философиялық негіздерді біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Мақаланың өзегі ретінде язидиліктің қалыптасуы мен эволюциясын, қауымның жабық сипатын және диаспоралық таралуын сипаттайтын тарихи-этнографиялық материалдар алынды. Сонымен қатар, дінтанулық талдау тәсілі язидилердің наным-сенімдері мен ритуалдық практикаларын жүйелі түрде қарастыруға, олардың философиялық мәні мен әлеуметтік функцияларын ашуға мүмкіндік берді. Синкретикалық талдау арқылы язидиліктегі әртүрлі діни және мәдени элементтердің өзара үйлесімі мен ықпалы анықталды.

Зерттеу деректері тарихи жазбалар, академиялық еңбектер, этнографиялық зерттеулер секілді әртүрлі көздерден алынды. Бұл деректер ғылыми объективтілікті, дәлдікті және салыстырмалылықты қамтамасыз етіп, діннің философиялық, ритуалды және әлеуметтік аспектілерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде әдіснамалық тәсіл язидилік ағымның символикалық құрылымын, наным-сенімдер жүйесінің ерекшеліктерін және ғибадат тәжірибелерінің діни-танымдық мәнін жан-жақты зерттеуге бағытталған.

Язиди атауының шығу тегі

Язидилер – саны аз болғанына қарамастан, кеңінен танымал емес діни және әлеуметтік топ. Олардың кеңінен танылмауының бір себебі – салыстырмалы түрде жабық қоғамдық

құрылымы. Сондықтан олар туралы көптеген пікірлер мен зерттеулер бар. «Язиди» атауының шығу тегін зерттеген кезде біз де осындай алуан түрлі көзқарастарға тап боламыз. Қазіргі заманғы язидилерді көбінесе «әһл әл-хақ» және «алауиттер» деп жіктейді. Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің профессоры және тарих ғылымдарының докторы И.В.Базиленконың айтуынша, «язиди» сөзінің этимологиясы өте күрделі және оның шығу тегі туралы он шақты теория бар (Базиленко, 2017: 54). Дегенмен бұл көзқарастарды қысқаша келесідей топтастыруға болады:

1. Язиди есімі Язид ибн Муғауиядан шыққан деп сенетіндер.

2. Бұл есімді Иранның Язд қаласынан шыққандықтан алған деп айтатындар, яғни ол «Язд қаласынан шыққандар» деген мағынаны білдіретін «Язди» сөзінен шыққан.

3. «Харижиттердің бір тармағы Ибадиядан бөлініп, Язид ибн Унайсаның соңынан ерді» деп қабылдайтындар.

4. «Язиди» атауы жаңа парсы тіліндегі «Изед» («періште», «Құдай»), Авеста тіліндегі «Язата» («құрметке, табынуға лайық») және пахлауи тіліндегі «Яздан» («Құдай») сөздерінен шыққан деп есептеледі. Сонымен қатар, зерттеушілер бұл атаудың Авеста тілінде «Язаланам» және пахлауи тілінде «Язтан, Яздан, Изед» сөздері арқылы пайда болғанын, яғни «Құдайға табынушылар», «Изди», «Язиди» дегенді білдіретінін атап өтеді. Осы әртүрлі көзқарастардың ішінде төртінші көзқарасты язидтердің өздері ең дұрыс деп санайды. Язидилердің пікірінше, атаудың бастапқы мағынасы Алланың 1001 есімінің бірі парсы тіліндегі «Яздан» (Құдай) сөзімен байланысты және олар «Язиди» терминін «Құдайға табынушылар» деген мағынада қолданады (Guest, 1987).

Қазіргі таңда язидилер Солтүстік Иракта, Түркияда, Сирияда, Арменияда, Грузияда, Еуропаның бірнеше елінде және Ресей Федерациясының кейбір бөліктерінде тұрады. Тарихи кезеңдермен салыстырғанда халық саны азайып келеді. Соңғы мәліметтер бойынша, Солтүстік Иракта шамамен 400–450 мың, Сирияда 15–20 мың, Түркияда мыңнан аз шағын қауымдастық, Ресей Федерациясында 150–180 мың және Еуропада 60–75 мың язиди бар деп есептеледі. Жалпы саны шамамен 750 мыңға жуық халық санын құрайды (Kreyenbroek, 1995: 6).

Халықтың жартысынан көбі Ирактың солтүстігіндегі Нинова (Мосул) және Духок провинцияларының Синджар (Шеңгал) және Шейхан (Велатшех) аймақтарында шоғырланған. Этникалық тұрғыдан алғанда, барлық язидилер күрдтер және күрд тілінің курманджи диалектісінде сөйлейді. Сонымен қатар, Нинова аймағына іргелес Ирактың Бахзан және Баши аймақтарында тұратын язидилер араб тілінде сөйлейді (Karlan, 2013: 15-16).

Язидиліктің шығу тегі ұзақ уақыт бойы жұмбақ болып келді, бұл ең алдымен қауымның жабық әлеуметтік құрылымына мен оның діни ілімдерінің құпия сипатымен байланысты. Ертедегі зерттеушілер язидилік сенімінің қалыптасуына «зәрдүштік, манихейлік және басқа да ежелгі шығыс діни дәстүрлері» әсер еткенін атап өтті. М. Гуиди деректерді жүйелей отырып, язидиліктің бастауы Аббасилер кезеңінің алғашқы ғасырларында Араб халифатының кең аумақтарында, әсіресе Солтүстік Ирактың күрдтер басым аймақтарында белсенді болған «ғұлув типті діни қозғалыста» жатыр деп тұжырымдайды. Оның айтуынша, язидилік бастапқыда исламның «гетеродокс» тармақтарының бірі ретінде пайда болды. Алайда, уақыт өте келе бұл сенім жүйесі исламнан айтарлықтай алшақтап кетті, ал исламның негізгі элементтері қазіргі язид

діни ілімдерінде сақталмаған (Guidi, 1939: 35). 1130–1160 жылдары язидиліктің рухани көсемі шейх Адидің уағыздары бұл діни қозғалыстың мистикалық аспектісіне ықпал етті. Ол Хаккари тауларының жанындағы Лалеш аймағына қоныстанып, көптеген жақтаушылар жинап, топтың құрылуына негіз қалады. Уақыт өте келе бұл ағым екі тармаққа бөлінді. Бір топ Сирия мен Мысырға қоныс аударып, кейіннен тарихи сахнадан жоғалып кетті, ал екінші топ Ирактың Солтүстік Күрдістанға қоныстанып, біртіндеп сүнниттік қағидалардан бас тартып, қазіргі заманғы язид қауымдастығының негізін қалады (Lescot, 2014: 18).

Хижра бойынша V–VI ғасырларда пайда болған «ғұлув қозғалысы» оңтүстік-шығыс Анатолиядан Мосулға дейінгі аймақтарда таралып, айтарлықтай қолдау тапты. Оның кеңеюіне саяси факторлар да әсер етті. Омейяд халифтерінің бірі осы аймақтан шыққан құлдың ұлы болғандықтан, жергілікті халық Омейяд үкіметіне ішкі жақындық танытты. Омейядтар әулеті құлағаннан кейін, оның ізбасарлары саяси тұрақсыздықтан құтылу үшін Хаккари тауларына шегінді. Уақыт өте келе олардың сопылыққа бет бұруы діни тәжірибелердің дамуына және рухани көшбасшылардың пайда болуына алып келді. Бұл тұлғалардың арасында Хаккариде туған Әбу әл-Хасан Әли (409–484 h.) болды, ол Синджар аймағына шегініп, көптеген ізбасарлар жинап, шейх Адиден бұрын негізгі рухани көшбасшы ретінде танылды (Şahin, 2015: 19).

Дереккөздерге сүйенсек, хижра бойынша V ғасырдан бастап Оңтүстік-Шығыс Анатолияда Омейядтарға саяси және діни қолдау басым болды. Әбу әл-Хасан Әли қайтыс болғаннан кейін шамамен бір ғасыр өткен соң, аймақтан өткен әс-Самағани Язидтің имаматын мойындаған және өз топтарына осы халифтің есімімен атаған топтар туралы ақпарат қалдырды. Оның дереккөздерінде Ирактың Хилван тауында мен оның айналасында қатал жағдайда өмір сүрген, «хал» деп аталатын өсімдікті жеген көптеген язидтер туралы айтылады. Олар сондай-ақ басқа қауымдармен аз байланыста болғанын, Язидтің имаматына сенгенін және оны әділ адам деп санағанын хабарлады. Шейх Ади ибн Мусафир бұл топқа келіп, VI ғасырдың басында олардың арасына қоныстанғаны белгілі (Lescot, 2014: 19). Язидилердің тарихы, ең алдымен, олардың Солтүстік Месопотамия халықтарын исламдандыруды жүзеге асырған тайпалар арасындағы дұшпандық ортада өмір сүру тарихын және XV ғасырдан бастап Осман империясының қол астындағы өмір сүру кезеңін қамтиды (Джалил, 1973).

Шейх Ади ибн Мусафир

Язидиліктің «пайғамбары» және «негізін қалаушы» ретінде белгілі Ади ибн Мусафир 1075 жылы ежелгі Баальбектің оңтүстігінде және Ливандағы Бекаа аңғарының батыс беткейлерінде орналасқан Бәйт Фар / Кирбәт Канфар ауылында дүниеге келген. Анасының аты – Әзда, ал әкесінің аты Мусафир ибн Исмаил, Омейяд халифі Маруан әл-Хакимнің ізбасары болған (Sever, 2006: 9).

Ади ибн Мусафир жастық шағын діни біліммен өткізді. Оның Бағдатқа барып, сол кезеңдегі жетекші мұсылман ойшылы Ғазалидің және басқа да сопы ұстаздарынан білім алғаны туралы деректер бар. Оның шәкірттерінің арасында кейінірек Қадирия тариқатын құрған Абдулқадыр әл-Ғайлани болды. Екі ойшылдың 1116 жылы Меккеге бірге қажылық сапарына барғаны туралы деректер бар. Қажылықтан кейін Ади ибн Мусафир өмірінің көп бөлігін Мосулдан шамамен 58 шақырым жердегі Лалеш аймағында өткізген. Ол бұл жерде оңашалықты ұстана отырып, өзін аскетизмге арнады.

Уақыт өте келе оның рухани беделі артып, язидилік қауымы арасында шейх Ади деген атпен кеңінен танымал болды. Бастапқыда ол шыққан аймағына байланысты «әл-Шаами» (Шамдық) лақап атымен танымал болды, бірақ кейінірек Лалеш пен Хаккари аймақтарына қоныстанғандықтан «әл-Хаққарий» лақап атын алды.

Тарихи жазбаларда шейх Адидің ерекше тақуалығы мен аскетизмі егжей-тегжейлі сипатталған. Ол таулы аймақта өсірілген табиғи өнімдерді жеп, киімдерін өзі өсірген мақтадан тіккені айтылады. Кейбір дереккөздерде оның түнде екі рет Құран оқығаны, үнемі ораза ұстағаны және үнемі ғибадатпен айналысқаны айтылады. Оның замандасы және серігі Абдулқадыр әл-Ғайлани шейх Адидің рухани дәрежесін жоғары бағалап, «Егер пайғамбарлыққа күш салу арқылы қол жеткізілсе, шейх Ади оған қол жеткізер еді» деген сөзі айтылады (Guest, 2000: 43–45). Шейх Ади өзінің ерекше сопылық ілімдерін араб тілінде жазылған төрт негізгі трактат пен бірқатар иләһилерде жүйелі түрде түсіндірген. Ғалымның пікірінше, оның ең маңызды еңбектері:

«Сүнниттік сенім» – 15 парақ көлеміндегі трактат;

«Жанды қалай тазартуға болады?» – аскетикалық тәжірибелер туралы үш беттік еңбегі;

«Халифаға сөздер»;

«Шейх Қайядқа және басқа шәкірттерге сөздер».

Бұл еңбектердің мазмұны исламның дәстүрлі сүнниттік қағидаттарын қатаң ұстануды, діни жаңалықтардан (бидғат) аулақ болуды және дүниелік сән-салтанаттан бас тарту арқылы тақуалыққа бағытталған өмір сүруді насихаттайды. Бұл еңбектер шейх Адидің алғашқы сүнниттік-сопылық қозғалыстың рухани көшбасшысы болғанын айқын көрсетеді. Д. Полатов шейх Адидің рөлін қарастыра отырып, былай деп атап өтеді: «Оның язидилікте пайда болуы осы сенімнің исламдану процесінің басталуын, яғни исламға тән көптеген ережелер мен догмалардың осы ежелгі дінге енгізілуін белгіледі. Діни терминология, діни әдет-ғұрыптар және моральдық нормалар тұрғысынан исламның және оның тілі араб тілінің көптеген элементтері язидилікке еніп, орныға басталды. Бұл кейіннен язидилікті мұсылман қозғалысы ретінде қате қабылдауға алып келді» (Полатов, 2005: 166–167.).

Оның шығармаларының негізгі қолжазбалары 1509 жылы Левантта көшірілген нұсқаларға негізделген бүгінгі күнге дейін сақталған. Бұл қолжазбалардың кейбіреулері Батыс Берлин Мемлекеттік кітапханасында сақталған. Шейх Адидің иләһилерінің бірі бар тағы бір қолжазба Берлин кітапханаларында да кездеседі. Сонымен қатар, оның екі қолжазба нұсқасы Британия кітапханасында сақталған. 1934 жылы америкалық зерттеуші Генри Филд Синджар тауларында далалық жұмыстар жүргізу кезінде шейх Адиге жатқызылған басқа сопылық өлеңдерді тапты. Бұл мәтіндердің көшірмелері қазіргі кезде АҚШ Конгресінің кітапханасының коллекциясында (Guest, 2000: 45–47).

Ислам ғалымдары XIII–XIV ғасырларға дейін шейх Адидің ілімдері ислам сенімінің негіздеріне қайшы келмегенін мәлімдеді. Дегенмен осы кезеңде шейх Адиге жатқызылған, бұрын ешбір дереккөзде кездеспейтін екі «қасиетті кітап» пайда болды. Зерттеушілердің пікірінше, бұл еңбектер шейх Адидің заманы емес және кейінгі кезеңде жазылған болуы мүмкін. Бұл араб мәтіндердің шынайылығына күмән келтіреді. Олар этникалық күрд қауымдастығының діни ілімдерінің негізгі «қасиетті кітаптарының» алдымен араб тілінде жазылып, содан кейін аударылғаны тарихи тұрғыдан күрделі

сұрақтар туғызады деп тұжырымдайды. Бұл мәселеде язид мәтіндерінің пайда болу тарихын зерттеуде маңызды әдіснамалық мәселе болып саналады. Қарастырылып отырған екі «қасиетті мәтін»: «Китаб әл-Әсуад» / «Мусхаф-и Рәш» – «Қара кітап», екінші кітаптың атауы «Китаб әл-Джилуа» – «Тәңірлік аян кітабы» Бұл еңбектердің мазмұны мен құрылымы, олардың тарихи шынайылығы, пайда болу кезеңі және язид догмасына әсері қазіргі ғылыми әдебиетте кеңінен талқыланатын тақырыптардың қатарында. Алғашқы орыс тіліндегі аудармасын 1927 жылы Ташкент Орта Азия мемлекеттік университетінің қызметкері А.А. Семенов жасаған (Семенов, 1927: 61).

Осы кезеңнен кейін, кейінгі ғасырларда ислам ғалымдарының шейх Адиге және оның ілімдеріне деген көзқарасы өзгерді (Sever, 2006: 9). Оның кезінде шейх Ади ілімін ізбасарлар саны артып, оның діни беделі нығайды. Уақыт өте келе оның ізбасарлы «Адауийа тариқатын» құрды (Şahin, 2015: 19). Жалпы қабылданған деректер бойынша, шейх ади 1162 жылы 87 жасында қайтыс болып, Лалеште арнайы дайындалған қабірге жерленген.

Шейх Адидің қайтыс болуынан кейін оның ізбасарлары Лалештегі шағын Адауийа қауымын құрды. Бұл қауым Аббасилер әулеті кезеңіндегі қудалаулардан, Моңғол шапқыншылықтарынан, оба індетінен және мұсылман күрдтердің шабуылдарынан аман қалды. Қауым мүшелері жау шабуыл жасағанда ауылдарының артындағы Синджар тауларына қашып, сол жерде паналаған. XIII–XIV ғасырларда Лалештегі бұл шағын қауым одан әрі тұйықталып, Таяу Шығыс аймағында жаңа діни сенімнің негізін қалаған. Кейіннен бұл сенім жүйесі «Язидилік» деп аталып, күрделі құрылымымен және мүшелерінің әртүрлі этникалық тектен тұруымен ерекшеленді. Осы сенімнің символы ретінде «Таус құсы» жаңа діни символға айналды (Sever, 2006: 18).

Язидиліктегі нанымдар мен ғибадаттар

Тарихи даму барысында көптеген тариқаттар мен мазхаптар өз құрылушыларынан кейін өзгеріске ұшырап, бастапқы сипатынан алыстай бастады. Уақыт өте келе жаңа әдістер енгізіліп, бұрынғы қағидалар өзгертілді немесе жеке тұлғалардың пікірлері мен қалауларына сай қайта интерпретацияланды. Мұндай өзгерістер белгілі бір тариқаттағы ықпалды тұлғалардың мақсаттары мен ұстанымдарына және қауым мүшелерінің оларды қабылдауға дайындығына байланысты әртүрлі дәрежеде байқалады. Язидиліктің наным мен ғибадат жүйесінің қалыптасуы да осы үрдісті дәл көрсетеді. Язидилік бастапқыда басқа тариқаттар сияқты өзіне тән мистикалық қағидаларға сүйенгенімен, уақыт өте келе шейх Адиге деген тым жоғары құрмет пен сүйіспеншілік кейде шектен тыс дәрежеге жетті. Бұл кейбір уағында шейхке қатысты ислам құқықтық және рационалдық тұрғыдан сәйкес келмейтін пікірлердің қалыптасуына алып келді. Сонымен қатар, қауым басшыларының жеке қалаулары мен амбициялары да діни тәжірибенің дұрыс бағытта дамуына кедергі келтіріп, нәтижесінде кейбір қауымдар исламдық дәстүрден толықтай алыстап кеткен (Раşa, 2008: 57).

Язидилік нанымдар мен ғибадаттары ережелер, тыйымдар, бұйрықтар, рәсімдер, сондай-ақ мифологиялық баяндаулар арқылы қалыптасты. Бұл дәстүрдің маңызды бөлігі екі қасиетті кітапқа жинақталған. Алайда кейбір язидилер бұл кітаптардың шынайылығы туралы күмән келтіреді. Сонымен бірге, язидиліктің негізгі дәстүрі «ауызша дәстүрге» негізделген, ал жазба деректердің тәжірибедегі рөлі салыстырмалы түрде аз (Yalkut, 2014: 48). Язидилердің нанымдары мен ғибадаттарын зерттегенде,

олардың ауызша дәстүрге, шейхтерге деген құрметке және тарихи тәжірибелерге негізделген жүйелі сипаттары айқын көрінеді.

Язидилік нанымдар

1. Кәлима-шахадат

Язидилерде ислам дініндегідей дінге кіру рәсімінде арнайы оқылатын «кіріспе дұға» жоқ. Оның орнына таңертең және кешке ұйықтар алдында оқылатын, қауым үшін маңызды қағидаға айналған өздерінің «кәлима-и шахадаты» бар. Бұл дұға «иманмен өмір сүру және өтуге дайын болу» идеясына негізделген. Язидилер арасында шахадаттың бірнеше нұсқасы кездеседі, әрқайсысында шағын айырмашылықтар байқалады. Сол нұсқалардың бірі төмендегідей сипатталады:

«Анық Ол – Худа, анық Ол.

Ол жемейді де, ұйықтамайды.

Менің шәһадатым және иманым

Оның есімімен және періште Таус есімімен.

Бір Аллаға шәһадат етемін.

Періште Таус – Хақ, Хабибуллаһ.

«Мақлүп пен Мәргәһ» Мұнда «Мақлүп» деп отырғандары Лалеш аймағындағы тау, ал «Мәргәһ» дегені Лалеш өңірін қамтитын территория. Шахадаттың жалғасы ғибадат және қасиетті орындарға деген құрметті білдіреді:

«Сәлем болсын Лалешке, Мақлүпке, Мәргәһқа,

Айдан жаратылған қастарына, қос күмбезге.

Язидилер ғибадат пен сәжде үшін Шейх Ади алдында бастарын иетін орынға келуі тиіс.

Сұлтан Язид – менің Тәңірім.

Періште Таус – менің шәһадатым және иманым.

Ақбұлақ – менің шоқынуым.

Үңгір (Шейх Ади оңашаланған үңгірі) және Зәмзәм (Шейх Адидің кесенесінің төменгі қабатындағы су) – менің қажылығым.

Күн (немесе Шейх Ади кесенесінің күмбезі) – менің құбылам.

Сұлтан Шейх Ади – менің Тәңірім.

Шейх Шәмс – менің мазхабым, көзімнің нұры.

Адауилерге Мадақ! Бізді кәпірлерден және Рафизилерден айырып, бізді Сүннилердің үлесіне қосты». Бұл мәтін язидилік наным-сенімнің ауызша дәстүрге негізделген маңызды үлгісі болып табылады және олардың діни тәжірибесінің символикалық құрылымын көрсетеді (Kaplan, 2013: 73–75; Yalkut, 2014: 48).

2. Құдайға сенім

Язидилердің наным-сенімінде Құдай барлық нәрсені жаратушы және билеуші ретінде көрінеді. Олар Құдайдың уақытпен де, кеңістікпен де шектелмейтінін, барлық жаратылысты өз қалауымен басқарып тұратынын қабылдайды (Таşğın, 2005: 20). Язидилер сенімінде Құдай шексіз ізгілікке ие, әрі өзінің құдіретін арнайы періштелер арқылы көрсетеді. Язидилік ілімде Құдайдың «үш түрлі кейіпте көрінуі» негізгі тұжырымдардың бірі болып саналады:

1. «Құс бейнесінде – Періште Таус»: рухани құдіреттің көрінісі.

2. «Қарт адам бейнесінде – Шейх Ади»: даналық пен тәлім-тәсілдің символы.

3. «Жас жігіт бейнесінде – Язид ибн Муғауия»: күш пен ерліктің бейнесі.

Язидилер осы үш кейіптің Құдайдың біртұтас тәңірлік табиғатының көрінісі екеніне сенеді (Şahin, 2015: 86).

3. Періштелерге сенім

Язидилік сенім бойынша, Құдай дүниені Өз құдіретімен жаралған жеті періште арқылы басқарады. Бұл жеті періште келесідей саналады: Азраил (Періште Таус), Дардаиль, Исрафил, Микаиль, Жәбраил, Самуил және Нураиль (Şahin, 2015: 86–87). Олар Язидилер тарапынан Құдайдың жетекші періштелері ретінде мойындалады. Сонымен қатар, бұл жеті періште жер бетінде көрініс тапқан деп сенеді. Олардың белгілі бір қалыпқа ену ретін Язидилер төмендегідей тізім арқылы көрсетеді:

1. Шейх Ади
2. Шейх Хасан
3. Шейх Шамсаддин
4. Шейх Әбу Бәкір
5. Шейх Сажаддин
6. Шейх Садраддин
7. Шейх Фахраддин

Бұл тізім Шейх Адиден кейінгі қауымның жетекшілері мен маңызды тұлғаларын көрсетеді. Язидилер періштелердің кейде көктен түсетініне, сондай-ақ әр мың жыл сайын адамдарға жаңа заңдар алып келетініне сенеді. Періштелер қасиетті заңдар мен кітаптарды адамдарға жеткізіп, осы хабарларды басқа мазхаптарға да жеткізеді (Şahin, 2015: 87). Жеті періште ішінде ең жоғары орынды «Періште Таус» иеленеді. Ол ештеңе жоқ кезде де бар болған періште ретінде қабылданады және Құдайдың құзырынан Язидилерге үнемі көмек беріп, олардың қиыншылықтарын жеңілдететініне сенеді. Сонымен қатар, бұл наным бойынша, Азраил періштенің Періште Таус екені де қуатталады (Таşğın, 2005: 20–21).

4. Пайғамбарларға сенім

Язидилер пайғамбарлардың бар екендігін жалпы мойындайды. Язиди діни әдебиетінде Құранда айтылған пайғамбарлардың өмірі туралы қиссаларға бай (Karlan, 2013: 83). Олардың ішінде «пайғамбарлардың атасы» Ибраһим ерекше маңызға ие. Язидилердің қасиетті кітаптары «Китаб әл-Джилуа» (Қара кітап) және «Мусаф-и Рәшта» (аян кітап) – Адам, Шит («Язидилер өз тегі Шиттен тарайды деп сенеді»), Нұх, Жүніс, Иса және Хасия пайғамбарларды ерекше атап өтеді (Таşğın, 2005: 21). Дегенмен, бұл сенім исламдағы пайғамбарлар ұғымынан ерекшеленеді. Язиди сенімі бойынша, пайғамбарлар «адасқан адамзатты дұрыс жолға бағыттау үшін адам кейпінде жіберілген періштелер». Өз миссиясын аяқтағаннан кейін олар жерден көтеріледі. Язидилердің сенімінде Мұхаммед пен Мұса пайғамбарлар да осы санатқа жатады. Олар көкке көтерілген періштелер болып саналады және шейх Ади мен Сұлтан Язид сияқты құрметпен қарастырылатын тұлғалар болып саналады (Şahin, 2015: 87). Бұл пайғамбарларды «Таус періштесімен маңыздылығы жағынан бірдей» деп бағалайды, себебі үшеуі де бір құдайлық көзден келген деп есептеледі (Karlan, 2013: 86). Шейх Ади ибн Мусафир – пайғамбарлардың міндеттерін орындаған тағы бір тұлға. Язидилердің пікірінше, шейх Ади Құдайдың жоғары дәрежелі періштесі, бірақ ол адасқан адамдарды дұрыс жолға бағыттау үшін жерге (Лалешке) жіберілген. Өз миссиясын аяқтағаннан кейін ол Құдайдың алдына оралды деп есептеледі (Şahin, 2015: 100).

Язидилер өз сеніміндегі Язид ибн Муғауияның рөлі туралы толық білімге ие емес. Көптеген ғалымдар Язидтің өз сенімдеріндегі рөлін анықтай алмады. Дегенмен, ол «үшінші маңызды періште» болып саналады, бірақ дінмен немесе шейх Адидің ізбасарларымен тікелей байланысты емес. Кейбір язидилердің пікірінше, Құдай Язидті өз заманында жіберген, ал ол өз міндетін орындап, өз өкілдерін жариялаған. Шейх Адиден кейін екінші орында тұрған Язидті кейбір ізбасарлары жоғары бағалайды, олар оны алдымен «әулие және пайғамбар», кейінірек «жеті құдайдың бірі» деп санайды (Şahin, 2015: 100–101). Басқа язиди сенімі бойынша, «Сұлтан Язид мыңдаған жыл бұрын Құдайдан жасырынған құпия ретінде өмір сүрген». Бұл құпия әлемге Муғауия мен оның әйелі арқылы ашылды. Язидилер оны «туған жерінде көрінді» деп сипаттайды және оның тегі Адамның ұрпақтарынан емес, таза сүннет тегінен деп санайды. Язид шарифат пен хақиқаттың (немесе Тариқат) айырмашылығын көрсету үшін, «Захир емес, Батын үшін» дүниеге келді. Муғауия мен төрешілері арқылы «шарифатқа (Захир) қарсы тұрып», язидилерді шарифаттың қысымынан құтқарды. Осылайша, язидилер діни міндеттерді орындаудан босатылды. Ол Құдайдың «құдайлық бейнесі» болып саналады, ал оны танымайтындар немесе құпияны қабылдамайтындар тозаққа түседі. Сондықтан Язидке сену язидилер үшін ерекше маңызды. Сонымен қатар, Язид барлық пайғамбарлардан жоғары тұлға болып саналады және ол ақыр заман кезінде шарифат заңдарын жою, язидилерді үстемдікке көтеру және әлемді әділдікке толтыру үшін жерге оралады деп есептеледі (Kaplan, 2013: 85–86).

5. Ақырет өмірі

Язидилер сенімінің негізгі элементтерінің бірі – ақыретке деген сенім, яғни олар бұл дүниеде жасалған жақсы және жаман істер жазасыз қалмайды деп сенеді. Олар өлгеннен кейін адам жауап береді және осы уақыт ішінде олардың Сират көпірінен өту міндеті бар деп сенеді. Язидилер бұл уақытта Сұлтан Язид пен шейх Адиге көмек көрсетіледі және язиди қауымдастығы басқа халықтардан артықшылыққа ие болады деп сенеді. Бұл сенім жүйесіне жұмақ пен тозаққа деген сенім де кіреді (Şahin, 2015: 123-124). Язидилер реинкарнацияға да сенеді. Реинкарнация – жанның бір денеден екінші денеге немесе әртүрлі денелерге өту процесі. Бұл сенім Китап әл-Джилуа мәтіндерінде де расталады: «Қаласам, оны екінші немесе үшінші рет жандардың реинкарнациясы арқылы осы немесе басқа әлемге жіберемін» (Şahin, 2015: 125). Сондықтан, язидилер үшін өлімнен кейінгі өмір мен қайта тірілу ұғымы адам өмірінің моральдық және діни мағынасын анықтайтын маңызды қағида болып табылады.

Язидилік ғибадаттары

Аз халқына қарамастан, язидилер кең аумаққа таралған және өздері тұратын аймақтардың діндері мен ғибадат рәсімдерінің ықпалында болған. Олардың шығу тегі, әсіресе ислам мәдени саласында, мұсылмандық ғибадаттың ықпалына әкеп соқты. Сондықтан язидилік ғибадат кейде мұсылмандық діни рәсімдерге ұқсастықтарды көрсетеді (Çakar, 2007: 141). Язидилік ғибадат екі негізгі түрге бөлінеді: «ауызша және практикалық». Бұл ғибадат әрекеттері тек олардың діни қауымдастығында орындалады және сыртқы әлемге көрінбейді. Ғибадат ету үшін белгіленген қасиетті орын жоқ. Дегенмен, Лалеш көптеген діни рәсімдер орындалатын «қасиетті орталық» ретінде ерекшеленеді. Сонымен қатар, язиди ауылдарындағы зираттар мен әулиелердің қасиетті орындары да діни рәсімдер үшін маңызды орындар болып табылады (Kaplan, 2003: 92-93).

1. Намаз

Язидилердің намазы дәстүрлі исламдық намаздан ерекшеленеді. Олар намаздың негізінен жүрекпен, ниетпен жасалатынына сенеді, сондықтан оның орындалуына қатысты жазбаша нұсқаулар немесе нақты шарттар жоқ. Язидилер күн шыққанда және күн батқанда күнге бет бұрып үш рет рүкүф жасап, дұғалар оқиды. Бұл рәсім үшін арнайы ғибадатханалар қарастырылмаған (Şahin, 2015: 142). Дұғалар оқылған соң «тас тігеді», ол тас олардың сенімінде мүсін ретінде қабылданады. Язидилер оны сүйіп, айналасында жүреді. Бұл рәсімнің негізгі ерекшелігі – дұғаларды тек күн толық көтерілген кезде орындау, жартылай уақытта дұға жасау дұрыс саналмайды.

2. Ораза

Язидилердің ораза ғибадаты екі түрге бөлінеді: «жалпы ораза» және «арнайы ораза». «Жалпы ораза» – халық арасында кеңінен ұстанылатын ораза, ол мұсылмандардың оразасына ұқсас сипатқа ие. Бұл ораза «желтоқсан айының алғашқы сейсенбі, сәрсенбі және бейсенбі күндері» ұсталады. Үш күнге созылатын бұл оразаның кейбір язидилер үшін «құдай алдында қадірі он есе жоғары деп есептеледі», сол себепті оны символикалық түрде 30 күнге тең деп санайды. «Арнайы ораза» негізінен діни қызметкерлерге арналған және 80 күндік кезеңді қамтиды. Оның алғашқы 20 күні желтоқсанда, екінші 20 күні шілдеде өтеді. Осыдан кейін діни қызметкерлер Шейх Адидің Лалештегі мазарына барып қажылық жасайды. Лалеште үш күндік оразаны орындаған соң, өз аудандарына қайтқан қызметкерлер қалған 37 күндік оразаны жалғастырады (Çakar, 2007: 145–146).

3. Қажылық

Язидилердің қажылық ғибадаты негізінен Шейх Ади ибн Мусафирдің қабірі орналасқан Лалешке баруды қамтиды. Бұл діни рәсім қыркүйектің 15–20 күндері аралығында өткізіледі және 20 күнге дейін созылуы мүмкін. Язидилер бұл мерекелік іс-шараны Жамағат мерекесі деп атайды (Şahin, 2015: 147). Лалештегі қажылық орны мұсылмандардың Меккедегі қажылық орнына белгілі бір ұқсастық көрсетеді. Мысалы, Шейх Адидің мазары қасиетті деп саналады, ал мазар маңындағы бұлақ суы зәмзәм деп аталады. Сонымен қатар, екі жерде де «Арафат тауының символикалық ұғымы» бар, ал Меккедегі Сафа мен Маруа тауларына сәйкес язидилерде «Жәрима» және «Биримә» деп аталатын орындар белгіленген (Çakar, 2007: 141).

4. Зекет және пітір

Язидилер арасындағы зекет пен пітір ұғымдарының тарихы ұзақ. Діни әдебиеттерде оларды «үлкендерге берілген үлес» деп сипаттайды, осылайша «Құдай бұл адамдарға батасын берді» деген сенім білдіреді. Зекет байлардан кедейлерге берілетін дәстүрлі исламнан айырмашылығы, ол Язидилер арасында жоқ. Керісінше, зекет әрбір избасар қауымдастығының өз шейхіне жыл сайынғы міндеттемесі болып саналады және оның белгіленген мөлшері жоқ. Сонымен қатар, діни көшбасшыларға шаш алу, сүндеттеу рәсімдері, құрбандыққа мал шалу, қабірге бару, жерлеу рәсімдері, туған күндер және басқа да мерекелер сияқты жағдайларда зекет, пітір және сыйлықтардың әртүрлі түрлері беріледі. (Karlan, 2013: 95–96).

5. Сәби шомылдыру

Язидилер арасында туғаннан кейінгі ең маңызды мерекелердің бірі - «Мор Кырын» деп аталатын шоқындыру рәсімі. Бұл рәсім үшін бала отбасымен бірге шейх Адидің мазары орналасқан Лалешке келіп, «Каня Сиппи» деп аталатын қасиетті суда шоқындырылады. Бұл рәсім кезінде жауапты пір (рухани көсем) қатысып, «Мор Кырын» дұғасын оқиды.

Язидилердің айтуынша, бұл міндетті түрде орындалуы тиіс ғибадат (Таşğın, 2005: 27). Нәрестенің шоқыну рәсімі туылғаннан кейін бір апта ішінде өтуі керек, бірақ көшпелі өмірге байланысты әлемнің түкпір-түкпірінде шашыраңқы жүрген язидилер рәсімді кейінге қалдыруға немесе аз мөлшерде қасиетті су алып, оны өздері тұратын жерде өткізуге мәжбүр.

6. Сүндет

Язидилер шоқындырылғаннан кейін бір немесе екі аптадан кейін сүндеттеу рәсімін өткізеді, ал баланы ұстап тұрған адам кируа деп аталады. Рәсім кезінде рухани көсем баладан: «Мен Әулие Язидтің қозысымын» деп айтуды сұрайды. Егер бала сөздерді айтуға тым жас болса, сүндеттеу рәсімін орындау үшін кируа шақырылады. Сүндеттеу рәсімі шоқындырудан ерекшеленеді. Баланың анасы мен әкесі де рәсімге қатысады, ол музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен әндер мен билермен орындалады (Ғақар, 2007: 151). Қонақтарға дәстүрлі дәстүр бойынша дайындалған тағамдар да ұсынылады.

7. Басқа халық сенімдері мен рәсімдері

Язидилерде жыл ішінде екі негізгі мереке аталып өтеді: «Наурыз» және жаз мезгіліндегі мереке (24–29 шілде). Қауымда бірнеше қабаттар мен санаттар бар: «мир, ақсақал, пір, шейх, факир, қаууал, кучак және мүрид». Олардың әрқайсысының рөлі келесідей: «Мирлер» – діни істермен айналысып, қауымдағы дүниелік мәселелерде шешуші рөл атқарады, олар басқа санаттан қыз алмайды. «Ақсақалдар» – мирлердің кеңесшілері және рухани жетекшілері, қажет болса, қауым мүшелеріне діни міндеттерді үйретеді. «Пірлер мен шейхтер» – тек өз санатынан қыз алып, отбасылық мәселелерге қатысады. «Кучактар» – Шейх Адинің мүрдесіне және Періште Таус қола мүсініне қызмет атқарады. «Қаууалдар» – белгіленген орындарда және уақыттарда Періште Таус мүсінінің алдында ән айтып, дұға етеді. «Мүридтер» – Язидилікті қабылдаған қауым мүшелері, әрбір мүрид бір шейхке бағынып, оның сөзін толық орындауға міндетті. «Факирлер» – қауымдағы кедейлер, олар басқа адамдардың садақасына мұқтаж. Язидилерде кейбір әрекеттер тыйым салынған, олар мыналарды қамтиды: Тағамдар мен көкөністер: марул, бұршақ, қырыққабат, балық, бұғы еті және төл (түйе) етін жеу. Сәуір айының алғашқы аптасында үйлену, сауда жасау, жермен байланысты істерді орындау, алғашқы сәрсенбіде жуыну және жұмыс істеу. «Киім мен іс-әрекет»: қою көк киім кию, моншада жуыну, кейбір сөздер мен әрекеттерді айту немесе орындау – кайтан (жіп), сат (сел), сер, мелун, лаңет және нал сөздері. Рух көшіне сену, сондай-ақ өзімен бірдей жас және бір ер мен бір әйелден ақырет бауырларын алу. Сәуір айында үйлену – дұрыс саналмайды. Ант етуге тыйым салу: Періште Таусқа, Язидке және Шейх Адиге ант етуге болмайды. Язиди әйелдерге түрлі-түсті және жібек киім киюге рұқсат жоқ.

5. Язидилікті қалыптастыратын нанымдар

Язидиліктің сенімдері мен ғибадат түрлеріне қарағанда, бұл діннің әртүрлі діни мәдениеттерден әсер алғанын және «құрама» құрылымға ие екенін байқауға болады. Мұның негізгі себебі – язидилердің өмір сүрген географиялық аймағының ықпалы екені анық. Язидилікті құрайтын нанымдардың қайнар көздеріне үңілсек, олардың құрамында зәрдүштік, христиандық, манихейлік, сабиилік, көне түркі (Көк Тәңірі) сенімдері және көбінесе ислам дінінен әсерлер бар екені көрінеді (Şahin, 2015: 130).

1. Зәрдүштік

Зәрдүштік сенімі – әлемдегі ең ежелгі діни нанымдардың бірі болып саналады. Бұл сенім б.д.д. VI–VII ғасырларда Иран империясының ресми мемлекеттік діні ретінде

қалыптасты. Зәрдүштік дінінің негізін қалаушы және пайғамбары «Зәрдүшт» есімімен тығыз байланысты (Sever, 2006: 44). Зәрдүштіктің екі басты принципі (дуализм) язидилік дінінің негізгі қағидаларының құрылымдық негізін құрайды. Атап айтқанда, бұл принциптер: «Жақсылық–Жамандық, жарық–қараңғылық» және «Рахман–Періште Таус» қатынастары болып табылады (Şahin, 2015: 130–131).

2. Христиандық

Язидилік дініндегі кейбір рәсімдер мен нанымдар христиандық ықпалдың көрінісі болып табылады. Мысалы, жыл сайын Иса пайғамбардың атына құрбан шалу, жаңа туған балаларды шомылдыру рәсімін өткізу және Исаның қайта келетініне сену – христиандық дәстүрден алынған элементтер болып есептеледі (Şahin, 2015: 131). Сонымен қатар, христиандықтағы Ата, Ұл және Киелі Рух үштігі язидилік дінінде Шейх Ади, Періште Таус және Язид тұлғаларында көрініс табады.

3. Манихейлік

Месопотамия аймағында кең таралған сенім жүйелерінің бірі – негізін қалаушысы Мани есімімен аталған «Манихейлік» діні болды (Sever, 2006: 24). Язидилікте кездесетін күнге құрмет көрсету және тазалыққа ерекше мән беру дәстүрлері осы діннің қалдықтары ретінде қарастырылады (Şahin, 2015: 132). Осы тұрғыдан, Язидилік пен Манихейлік сенімдер күнге құрмет көрсету мәселесінде ортақ ұстанымдарға ие болып табылады.

4. Сабийлік

Сабийлер өз қауымындағы қарапайым мүшелерді «Мандайя» («ғұламалар») деп атайды, ал ғылымы мен беделі бойынша ерекше орынға ие тұлғалар мен ата-бабаларын «Насурайя» («дұрыс сенімді қорғаушылар») деп таниды. Сабийліктің тарихы қазіргі күннен шамамен екі мың жыл бұрын басталады. Бұл дін б.з.д. соңғы екі ғасырда Палестина-Иордания аймағында болған гетеродокс еврей ағымдары арасында дамыған (Gündüz, 2008: 342). Язидилік дініндегі мына сенімдер мен дәстүрлер – «рухтың қайта туылуына (реинкарнация) сену, Күнге құрмет көрсету, Шайтан ұғымын қабылдау, құпия діни дәстүрді сақтау, қораз етін жеуге тыйым салу, бұршақ пен қырыққабат жемеу – сабийлік сенімінің қалдықтары ретінде қарастырылады (Şahin, 2015: 133).

5. Ескі түрік (Көк Тәңірі) сенімі

Ескі түріктердің сенім жүйесінде қоразды тотем ретінде қабылдауы язидилердің қораз етін жемеу дәстүрімен байланысты деп қарастырылады. Сонымен қатар, язидилікте көк түсті киім киюге тыйым салу дәстүрі бар, бұл көк тәңір сеніміндегі «көк» ұғымымен және тәңірдің аспанда екендігіне сеніммен түсіндіріледі (Şahin, 2015: 133).

6. Ислам діні

Язидилердің діни рәсімдері мен күнделікті өмірінде ислам дінінен әсердің айқын белгілері байқалады. Оған ораза ұстау, ұлды сүндетке отырғызу, құрбан шалу, қажылық жасау, ірі мистикалық ғұламаларға құрмет көрсету, кесенелер мен зиярат орындарына сый көрсету сияқты тәжірибелер жатады (Şahin, 2015: 133-134). Сонымен қатар, отбасы құрылымы, некелесу рәсімдері, той-жиындар, тамақтану дәстүрлері, тұрғын үй пішімдері, киім кию дәстүрлері және қолданылатын есімдер исламдық үрдістерге ұқсас келеді (Оқси, 2012). Сенім мен құлшылық қағидаларын мұқият талдағанда, язидилердің ең көп әсер алған діні – ислам екені, әрі оны өз дәстүрлеріне бейімдеп қабылдағаны анық байқалады. Сонымен бірге, язидилер басқа дәстүрлер мен сенімдерден де элементтер алған. Олар пұтқа табыну, жер-су-ағаш-от культіне қатысты нанымдар, шаманизмнен

өлілерді жерлеу және түстерді түсіндіру дәстүрлері, иудаизмнен сүндет рәсімі, тамақтану ережелері және шошқа етін жемеу сияқты ерекшеліктерді өз сенімдеріне енгізген (Şahin, 2015: 134). Осылайша, язидилердің діни өмірі тұрған географиялық аймақтың діни мозаикасынан туындаған әсерлерді көрсетеді және өзіндік бірегей діни қауымдық құрылым қалыптастырған.

Қорытынды

Язидилік сенім жүйесі әртүрлі діндер мен сенімдердің ықпалымен қалыптасып, араласқан құрылымға ие болған. Оның ерекшелігі мен икемділігі үнемі назар аудартақан. Саны аз болса да, язидилер мен олардың сенімдері ХХ ғасырдың ортасынан бастап батыс саяхатшылары мен ғалымдарының қызығушылығын тудырып, көптеген зерттеулер мен ғылыми жарияланымдардың тақырыбына айналған. Тарихи даму барысында белгілі бір бағыт ұстанылғанымен, сенімдер мен ғибадаттарды бағалау әртүрлі және өзгешеліктерге толы екені анықталған. Язидилердің діни сенімдері мен ғибадаттары олардың тұратын географиялық аймағының ықпалында қалыптасқан. Дегенмен, бұл сенімдер тек бір ғана міндетті сенім немесе ғибадатқа негізделмеген. Олардың күрделі құрылымы мен икемділігі ерекше назар аударуға лайық. Атап айтқанда, Періште Таус деп аталатын Құдай періштесі сенімі кейбір деректерде язидилерді қате түрде Шайтанға табынатындар деп сипаттауға себеп болған. Біз жүргізген зерттеулер бойынша бұл тұжырым шындыққа сәйкес келмейді, себебі шайтан ұғымы язидилердің сөздік қорында мүлде аталмайды.

Язидилердің сенім жүйесінде әртүрлі діндердің, әсіресе ислам дінінің, айқын іздері байқалады. Бұл кейде оларды исламнан ауытқып кеткен қауым ретінде қарастыруға алып келуі мүмкін. Алайда, Шейх Ади өмірі мен қызметі сенімді, құдайшыл, исламға берілген тұлға ретінде сипатталады. Оның үйретулерін язидилер ауызша әңгімелерде сақтап, кейде мифологиялық элементтерді қосу арқылы ислам дәстүрінен айырылған, өзіне тән діни жүйе қалыптастырған. Әртүрлі сенімдер мен ғибадат жүйелерінің ықпалы язидилердің тарих бойы өздерінің отандық аймақтарынан шеттетіліп, көшуге мәжбүр болуына алып келді. Соның нәтижесінде Еуропа мен басқа аймақтарда кең таралған язиди диаспорасы қалыптасқан.

Әдебиеттер

- Базиленко, И. В. (2017). Езидизм. Труды кафедры богословия Санкт-Петербургской духовной академии, (1), 53–66.
- Çakar, M. S. (2007). *Yezidilik, tarih ve metinler: Kürtçe ve Arapça nüshalar*. Ankara: Vadi Yayınları.
- Guest, J. S. (1987). *The Yezidis: A study in survival*. New York.
- Guest, J. S. (2012). *Yezidilerin tarihi: Meleke Tavus ve Mishefa Reş'in izinde*. İstanbul: Avesta Yayınları.
- Guidi, M. (1939). *Origine dei Yazidi e storia religiosa dell'Islam e del dualismo*. Roma: Tipografia della R. Accademia dei Lincei del Dott. Giovanni Bardi.
- Gündüz, Ş. (2008). *Sabiilik*. In TDV *İslam Ansiklopedisi* (Vol. 35, pp. 341–344). İstanbul.
- Kaplan, Y. (2013). *Günümüz Yezidiliği*. İstanbul: Nubihar Yayınları.
- Kreyenbroek, P. G. (1995). *Yezidism: Its background, observances and textual tradition*. Lewiston, NY: Edwin Mellen Press.
- Lescot, R. (2014). *Yezidiler: Din, tarih ve toplumsal hayat; Cebel Sincar ve Suriye Yezidileri* (A. Meral, Trans.). İstanbul: Avesta Yayınları.

- Okçu, D. (2012). Yezidiliğin oluşmasında İslam ve Mecusiliğin etkileri. *Batman Üniversitesi Yaşam Bilimleri Dergisi*, 1(1), 261–271.
- Paşa, A. T. (2008). Arap kaynaklarına göre Yezidiler ve Yezidiliğin doğuşu. İstanbul: Ataç Yayınları.
- Şahin, M. (2015). Anadolu'nun yitik halkı Yezidiler. İstanbul: Gece Kitaplığı Yayınları.
- Sever, E. (2006). Yezidilik ve Yezidilerin kökeni. İstanbul: Berfin Yayınları.
- Taşgın, A. (2005). Yezidiler. Ankara: Aziz Andaç Yayınları.
- Taşgın, A. (2013). Yezidiyye. In TDV İslam Ansiklopedisi (Vol. 43, pp. 525–527). İstanbul.
- Yalkut, S. B. (2014). Ezidiler. İstanbul: Metis Yayınları.
- Джалил, Д. (1973). Курды Османской империи в первой половине XIX в. Москва: Наука.
- Забияко, А. И., Красников, А. Н., & Элбакян, Е. С. (2006). Езидизм. В *Религиоведение: энциклопедический словарь*. Москва: Академический проект.
- Полатов, Д. Р. (2005). Езиды. Религия и народ. Москва: Изд-во «Известия».
- Семенов, А. А. (1927). Поклонение сатане у переднеазиатских курдов-езидов. *Бюллетень Средне-Азиатского государственного университета*, (16), 59–79.

References

- Bazilenko, I. V. (2017). Ezidizm [Yazidism]. *Trudy kafedry bogoslovija Sankt-Peterburgskoj Duhovnoj Akademii*, (1), 53–66. [in Russian].
- Çakar, M. S. (2007). Yezidilik, tarih ve metinler: Kürtçe ve Arapça nüshalar [Yazidism, history and texts: Kurdish and Arabic versions]. Ankara: Vadi Yayınları. [in Turkish].
- Dzhalil, D. (1973). Kurdy Osmanskoj imperii v pervoj polovine XIX v. [Kurds of the Ottoman Empire in the first half of the 19th century]. Moscow: Nauka. [in Russian].
- Guest, J. S. (1987). *The Yezidis: A study in survival*. New York. [in English].
- Guest, J. S. (2012). Yezidilerin tarihi: Meleke Tavus ve Mıshefa Reş'in izinde [The history of the Yazidis: Following in the footsteps of Meleke Tavus and Mıshefa Reş]. İstanbul: Avesta Yayınları. [in Turkish].
- Guidi, M. (1939). *Origine dei Yazidi e storia religiosa dell'İslam e del dualismo* [Origin of the Yazidis and the religious history of Islam and dualism]. Roma: Tipografia della R. Accademia dei Lincei del Dott. Giovanni Bardi. [in French].
- Gündüz, Ş. (2008). Sabiilik [Sabiilik]. In TDV İslam Ansiklopedisi (Vol. 35, pp. 341–344). İstanbul. [in Turkish].
- Kaplan, Y. (2013). Günümüz Yezidiliği [Modern Yazidism]. İstanbul: Nubihar Yayınları. [in Turkish].
- Kreyenbroek, P. G. (1995). *Yezidism: Its background, observances and textual tradition*. Lewiston, NY: Edwin Mellen Press. [in English].
- Lescot, R. (2014). Yezidiler: Din, tarih ve toplumsal hayat; Cebel Sincar ve Suriye Yezidileri [Yazidis: Religion, history and social life; Yazidis of Jabal Sinjar and Syria] (A. Meral, Trans.). İstanbul: Avesta Yayınları. [in Turkish].
- Okçu, D. (2012). Yezidiliğin oluşmasında İslam ve Mecusiliğin etkileri [The influences of Islam and Zoroastrianism on the formation of Yazidism]. *Batman Üniversitesi Yaşam Bilimleri Dergisi*, 1(1), 261–271. [in Turkish].
- Paşa, A. T. (2008). Arap kaynaklarına göre Yezidiler ve Yezidiliğin doğuşu [According to Arabic sources, the Yazidis and the origins of Yazidism]. İstanbul: Ataç Yayınları. [in Turkish].
- Polatov, D. R. (2005). Ezidy. Religija i narod: Monografija [Yazidis: Religion and people]. Moscow: Izvestija. [in Russian].
- Şahin, M. (2015). Anadolu'nun yitik halkı Yezidiler [The Yazidis, the lost people of Anatolia]. İstanbul: Gece Kitaplığı Yayınları. [in Turkish].
- Semenov, A. A. (1927). Poklonenie satane u peredneaziatskih kurdov-ezidov [Satan worship among the Middle Eastern Kurds-Yazidis]. *Bjulleten' Sredne-Aziatskogo gosudarstvennogo universiteta*, (16), 59–79. [in Russian].
- Sever, E. (2006). Yezidilik ve Yezidilerin kökeni [Yazidism and the origins of the Yazidis]. İstanbul: Berfin Yayınları. [in Turkish].
- Taşgın, A. (2005). Yezidiler [Yazidis]. Ankara: Aziz Andaç Yayınları. [in Turkish].

Taşgın, A. (2013). Yezidiyye [Yazidis]. In TDV İslam Ansiklopedisi (Vol. 43, pp. 525–527). İstanbul. [in Turkish].

Yalkut, S. B. (2014). Ezidiler [Yazidis]. İstanbul: Metis Yayınları. [in Turkish].

Zabijako, A. I., Krasnikov, A. N., & Jelbakjan, E. S. (2006). Ezidizm [Yazidism]. In Religiovedenie: Jenciklopedicheskiy slovar'. Moscow: Akademicheskij proekt. [in Russian].

Авторлардың үлесі

Шылмамбетов С. – зерттеудің ғылыми жетекшілігі, зерттеудің тұжырымдамалық және әдіснамалық негіздемесін жасау.

Ботакараев Б. – мақала мәтінін жазу, әдебиеттерге шолу жүргізу, мәтінді рәсімдеу және редакциялау.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about the authors:

Саян Шылмамбетов – PhD, философия кафедрасының меңгерушісі, А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Б. Саттарханов көшесі, 29, 161200, Түркістан, Қазақстан, sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0002-7147-6332>

Саян Шылмамбетов – PhD, заведующий кафедрой философии, Международного казахско-турецкого университета имени А.Ясауи, ул. Б. Саттарханова, 29, 161200, Туркестан, Казахстан, sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0002-7147-6332>

Sayan Shylmambetov – PhD, Head of the Department of Philosophy, A. Yasawi International Kazakh-Turkish University, 29 B. Sattarkhanov Street, 161200, Turkestan, Kazakhstan, sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0002-7147-6332>

Бауыржан Ботакараев – PhD, жетекші ғылыми қызметкер, «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Ясауитану ғылыми орталығы, Әмір Темір көшесі, 53А, 161200, Түркістан, Қазақстан, bake.kaz.tr@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-8164-8049>

Бауыржан Ботакараев – PhD, ведущий научный сотрудник, Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан» Научный центр Яссавиведения, ул. А. Тимура, 53А, 161200, Туркестан, Казахстан, bake.kaz.tr@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-8164-8049>

Bauryzhan Botakarayev – PhD, leading Researcher, National Historical and Cultural Museum-Reserve “Azret Sultan” Yassavi Research Center, 53A A.Timur street, 161200, Turkestan, Kazakhstan, bake.kaz.tr@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-8164-8049>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 12.02.2026

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 16.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.03.2026